

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың
Басқармасының
2016 жылғы «30» қараша
шешімімен мақұлданған
№ 45 хаттамасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың
Директорлар кеңесінің
2016 жылғы «13» желтоқсан
шешімімен мақұлданған
№ 17/2016 хаттамасы

(«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің
отырысы күн тәртібінің №5 мәселесі бойынша
шешімге қосымша)

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың және оның еншілес
және тәуелді ұйымдарының тәуекелтерді басқарудың
корпоративтік жүйесі бойынша
САЯСАТЫ**

Астана 2016

1. Жалпы ережелер

Осы Саясат «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-тың (бұдан әрі - Қор) талаптарына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі - ҚМГ) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

ҚМГ-да тәуекелтерді басқару шоғырландырылған негізде ҚМГ компаниялар тобының барлық деңгейлерінде тәуекелтерді басқарудың корпоративтік жүйесін (бұдан әрі - ТБКЖ) енгізу арқылы жүзеге асырылады. тәуекелтерді басқару басшылыққа тәуекелтерді бағалауға және белгісіздік жағдайында оларды басқаруға мүмкінлік береді, ол өз кезегінде Компанияның құнды құрудың және сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Саясат терминологияны, мақсаттарды, міндеттерді, ТБКЖ ұйымдастырудың және жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарын, ҚМГ компаниялар тобына арналған ТБКЖ ұйымдық құрылымын анықтайды.

Осы Саясаттың негізінде Компания тәуекелтерін басқару ҚМГ компаниялар тобының тәуекелтерін басқарудың барлық деңгейлерінде ТБКЖ жұмыс істеуі үшін негіз болып табылады.

2. Қолданылу облысы

Осы Саясаттың әрекеті Компания қызметінің барлық түрлеріне таралады. Саясат ҚМГ-ның барлық құрылымдық бөлімшелерінің және барлық қызметкерлерінің танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады.

ЕТҰ өз қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, бірақ осы Саясаттың ережелерін бұзбай, тәуекелтерді басқару саласында саясатты жүргізеді.

3. Негізгі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

Осы Саясатта келесі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

Тәуекел иесі – бірінші басшыға тікелей бағынатын басшы орынбасарының деңгейінен төмен емес, өзінің лауазымдық міндеттеріне сәйкес өндірістік/өндірістік емес тәуекелті басқаруға, өз қызметінде бекітілген нысаналық көрсеткіштерге және функциональдың міндеттерді жетуді қамтамасыз етуі тиіс Компания қызметкері;

Тәуекел-факторы иесі – жүзеге асырылуы өндірістік/өндірістік емес тәуекелтің басталуына алып келуі мүмкін, тәуекел-факторларын басқаруға тиіс және өзінің лауазымдық міндеттеріне сәйкес функциональдық блок/құрылымдық бөлімше басшысы деңгейінен төмен емес Компания қызметкері;

Мақсаттар иесі - бекітілген нысаналық өндірістік/өндірістік емес көрсеткіштерге жету үшін жауапкершілік көтеретін, ҚМГ/ЕТҰ-ға басшылықты жүзеге асыратын Компания қызметкері;

Сыртқы тәуекел-факторлар – Компанияның операциялық қызметінен тысқары жерде туындайтын және Компания қызметіне тәуелді емес тәуекел-факторлары;

Ішкі тәуекел-факторлар – Компанияның операциялық қызметі шеңберінде туындайтын және ішкі процестермен, ұйымдық құрылыммен,

адами ресурстармен, Компания активімен байланысты тәуекел-факторлары;

Кепілдік (осы Саясаттың мақсаттары үшін) - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының жоспарлы және есептік кезеңде борышын басқару саясатының «Терминдер және Анықтамалар» бөлімінде көрсетілген міндеттемелер кепілдіктер деп танылады;

ҚМГ компаниялар тобы – ҚМГ және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында ҚМГ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметіне бақылау жасауға ҚМГ-ның құқы бар заңды тұлғалар;

ЕТҰ – ҚМГ еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдары, оның ішінде бірлесіп-бақыланатын ұйымдар және бірлескен кәсіпорындары;

еншілес ұйым (ЕҰ) – жарғылық капиталының басым бөлігін ҚМГ қалыптастырған немесе егер онымен жасасылған шартқа сәйкес ҚМГ-ның осы ұйым қабылдайтын шешімді анықтауға (немесе басқа жолмен) мүмкіндігі бар заңды тұлға;

тәуелді ұйым – ҚМГ-нің жиырма пайыздан артық дауыс беретін акциялары бар заңды тұлға, бірақ оның еншілес ұйымы болып табылмайды;

бірыңғай тәуекелдер жіктегіші (ЕКР) – ҚМГ компаниялар тобы бойынша облыс, категория, топ, атауы критерийлері бойынша топталған тәуекелтердің, тәуекел-факторларының атаулары біріздендірілген тәуекелтердің жүйеге келтірілген тізбесі;

тәуекелдер картасы – олардың ықтимал зиянының бағаланған шамасына және жүзеге асыру ықтималдылығына байланысты ҚМГ компаниялар тобы бойынша тәуекелтердің графикалық бейнесі;

негізгі тәуекел көрсеткіші/индикатор (КРП) – қызметтің өндірістік/өндірістік емес саладағы кризистік тәуекел факторы өзгерістерінің бұрынғы сигналдарын Компанияға беретін индикатор;

Компания - ҚМГ мен оның ЕТҰ-сының жиынтық атауы;

Бақылау рәсімдері (бақылау құралдары) – тәуекел иесі/тәуекел-факторы иесі тарапынан тәуекелті/тәуекел-факторын басқаруды және жауап қатуды қамтамасыз ететін, тікелей немесе технологиялық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын персонал әрекеттерінің сипаттамасы болып табылатын Тәуекел иесі/Тәуекел-факторы иесімен әзірленетін саясат және рәсімдер;

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) - ҚМГ компаниялар тобының барлық деңгейлерінде процесті ұйымдастыруды және тиімді жұмыс істеуді қамтамасыз ететін қағидаттардың, әдістер мен рәсімдердің жиынтығы;

ҚНК – Компания қызметінің тиімділігін көрсететін және қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейін өлшеуге мүмкіндік беретін көрсеткіштер;

Кризистік тәуекел/тәуекел факторы – басталудың жоғары ықтималдығымен және қызыл облыста тәуекел картасында көрсетілетін ықтимал зиянның жоғары мөлшерімен сипатталатын тәуекел/тәуекел факторы;

Тәуекелтерді басқару шеңберінде кросс-функциональдық өзара әрекеттесу - құрылымдық бөлімшелерде бар ақпарат негізінде бірлесіп қабылданатын алқалық шешімдерге негізделген функция аралық (процесс аралық) тәуекел факторын (бірнеше процестің мақсаттарына ықпал ететін тәуекел факторлары) басқару процесі;

өндірістік емес тәуекел - өндірістік емес (қолдаушы) процестерде туындайтын тәуекел;

қызметтің үзіліссіздігін қамтамасыз ету – белгіленген қолайлы деңгейде қызметтің үзіліссіздігін қамтамасыз етуге бағытталған Компанияның қызметінде бұзушылық және оқыс оқиға болғанда, өзінің қызметін жоспарлаудың стратегиялық және тактикалық қабілеті;

өндірістік/өндірістік емес тәуекелдер саласы - өндірістік/өндірістік емес тәуекелтердің қалдық мәнін шоғырландырып бағалау;

қалдық тәуекел/тәуекел факторы – тәуекел/тәуекел факторының жүзеге асырылуының алдын алатын, жоспарланған іс-шараларды енгізгеннен кейін қалатын тәуекел/тәуекел факторының деңгейі;

жауапты бөлімше – тәуекелті басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекелті басқарудың процесінің жұмыс істеуі үшін функциональдық міндетіне ұйымдастыру және бақылау кіретін ҚМГ/ЕТҰ құрылымдық бөлімшесі – тәуекелтерді басқару бизнес-процесінің иесі;

қызметтің үзіліссіздігін қамтамасыз ету жоспары - оқыс оқиға пайда болған жағдайда оларды пайдалану мақсатымен әзірленген, қорытындыланған және өзекті сипат берілген құжатталған рәсімдер, ақпарат және іс-қимылдар жиынтығы және белгіленген қолайлы деңгейде Компания үшін кризистік маңызды қызмет түрлерін орындауды жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған;

ҚНК шектік мәні– лауазымдық міндеттерді адал орындаған кезде қол жеткізу ықтималдығы жоғары болатын қызметтің нәтижесінен ең аз күтуді сипаттайтын ҚНК мәні, әдетте келесі мәндерді ең үздігіне сәйкес келеді: есепті кезеңдегі мән және жоспарлының алдындағы жылдың іс жүзіндегі мәні;

тән тәуекел/тәуекел факторы - тәуекел/тәуекел факторының жүзеге асырылуының алдын алатын, жоспарланған іс-шараларды есепке алмағандағы тәуекел/тәуекел факторының деңгейі;

өндірістік тәуекел – өндіріс процесінде туындайтын тәуекел;

операциялық қызмет процестері (осы Саясаттың мақсаттары үшін) - операциялық қызмет процестеріне ҚМГ-ның келесі бизнес процестері кіреді: барлау, өндіру, тасымалдау, өңдеу, маркетинг және өткізу, сервистік жобаларды басқару;

ПСП – өндіріс процесін тікелей жүзеге асыратын және ЕТҰ-ның орталық аппаратынан тыс жерде орналасқан ЕТҰ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшесі (филиал, басқарма) және заңды тұлға болып табылмайды және өзінің дербес теңгерімі болмайды;

Тәуекелдерді тіркеушілер – тәуекелтерді басқарудың барлық деңгейлерінде өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерге мониторинг,

сәйкестендіру, бағалау, қайта бағалау жүзеге асырылатын, ҚМГ компаниялар тобы үшін біріздендірілген жазба түрлері;

тәуекел – Компания өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына жетуіне теріс әсерін тигізуі мүмкін ықтимал оқиға;

тәуекел тәбеті – Компания өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына жетуі үшін баруға дайын тәуекел дәрежесі;

тәуекел-үйлестіруші – тәуекел/тәуекел факторының иесі тағайындайтын, міндетіне өзінің құрылымдық бөлімшесінде тәуекел/тәуекел факторын басқару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру және жауапты бөлімшемен өзара әрекеттесу кіретін құрылымдық бөлімшенің жауапты қызметкері;

тәуекел-факторы – өндірістік/өндірістік емес тәуекелтің жүзеге асуына алып келетін себеп;

құрылымдық бөлімше – Компанияның ұйымдық құрылымына кіретін, жауапты бөлімше болып табылмайтын құрылымдық бөлімше (тәуекел/тәуекел факторының иесі);

қызметтің үзіліссіздігін басқару - ықтимал қатерлерді сәйкестендіруді және олардың Компания қызметіне әсерін бағалауды қарастыратын, мүдделі тараптардың мүдделерін, іскерлік беделін, брендті, Компанияның құндылығын арттыратын қызметті қорғауды қамтамасыз ететін тиімді жауап қату шараларын жүзеге асыру арқылы оқыс оқиғаларға Компанияның тұрақтылығын арттыру үшін негіз құрайтын басқару процесі;

тәуекелтерді басқару – Компания қызметіне ықпал етуі мүмкін ықтимал оқиғаларды анықтау, олардың әсер ету дәрежесін Компания үшін қолайлы (белгіленген) шектерде ұстап тұру мақсатында Директорлар кеңесімен, Басқармамен, ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерімен жүзеге асырылатын және стратегиялық және операциялық мақсаттарға жету бөлігінде сенімділікті қамтамасыз ету үшін стратегиялық және операциялық басқаруда қолданылатын үзіліссіз процесс.

тәуекелге төзімділік деңгейі – Өндірістік/өндірістік емес тәуекелдер саласының бағаланған қалдық мәндеріне сандық әсердің шамасына түзетілген ҚНҚ шекті мәні.

4. Мақсаттар мен міндеттер

4.1. ТБКЖ мақсаттары:

1) Компания құнының өсімі, оның пайдалылығы және тәуекелтері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізу;

2) өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерді басқару үшін Компанияда қолданылатын негізгі құрал-саймандарды, рәсімдерді анықтау;

3) өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерді басқару саласындағы мақсат иелерінің, тәуекел факторлары иелерінің жауапкершілік зоналарын анықтау;

4) бизнес-процестерді, тәуекелтерді басқару процесін, ішкі құжаттарды анықтау.

4.2. ТБКЖ міндеттері:

1) Даму стратегиясына сәйкес Компанияның тәуекел тәбетінің деңгейін анықтау;

2) пайда болатын тәуекел/тәуекел факторларына жауап қату бойынша шешімдерді қабылдау процесін жетілдіру;

3) капиталды ұтымды пайдалану;

4) стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге қатер төндіретін тәуекел оқиғаларының пайда болуының алдын алу;

5) тәуекелтерді басқару процесін бизнесті жүргізудің және Компанияны басқарудың негізгі процестеріне кіріктіру;

6) ҚМГ-ның жоғарғы деңгейінен бастап желілік деңгейге (ПСП) дейін тәуекелтерді басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекелтерді басқарудың және тәуекелтерді басқару жүйесінің жұмыс істеуінің вертикаль бизнес-процесін құру. Бұл тәуекелтерді басқару процесіне келудің ең маңызды қағидатын көрсетеді - тәуекелтерді басқару жергілікті жерлерде ең жақсы түрде жүзеге асырылады және жауапкершіліктің жайылып кетуінен сақтайды;

7) Мақсат иелері, тәуекел иелері, тәуекел-факторлары иелері сәйкестендіруді және тәуекелтерді бағалауды дербес жүргізетіндей, тәуекелтерді басқару бойынша стандарт әдістерді қолданатындай және солардың негізінде тәуекелтерді басқару бойынша іс-шараларды (бақылау рәсімдері) әзірлейтіндей тәуекелтермен жұмыс істеудің жүйесін құру;

8) Компанияның тәуекелтерді тиімді басқаратындығы туралы мүдделі тараптарға ақылға қонымды кепілдік беру.

5. ТБКЖ қағидаттары

Тәуекелтерді басқару саласындағы Компанияның саясаты келесі қағидаттарға негізделеді:

1) **әдіснамалық базаның бірыңғайлығы:** ТБКЖ процестері ҚМГ компаниялар тобының барлық құрылымдық бірліктерінде бірыңғай әдіснамалық тәсілдер негізінде жүзеге асырылады;

2) **үзіліссіздік** – ТБКЖ тұрақты негізде жұмыс істейді;

3) **комплекттілік** – ТБКЖ Компания қызметінің барлық бағыттарын және олардың шеңберінде пайда болатын барлық тәуекелтердің түрлерін қамтиды, Бақылау рәсімдері басқарудың барлық деңгейлерінде ҚМГ компаниялар тобының барлық бизнес-процестерінде қолданыста болады;

4) **есептілік** – ТБКЖ ұйымдық құрылымы ҚМГ компаниялар тобының барлық деңгейлерінде тәуекелтерді басқару саласында шешімдерді қабылдау және бақылау бойынша құзыреттілікті белгілейді;

5) **қатынастың ақпараттылығы және уақтылығы:** тәуекелтерді басқару процесі объективті, шүбәсіз және өзекті ақпараттың болуымен сүйемелденеді;

6) **ұтымдылығы** – ҚМГ компаниялар тобы тәуекелтерді басқару бойынша іс-шаралардың экономикалық тиімділігін қамтамасыз ете отырып, тәуекелтерді басқару бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға арналған ресурстарды ұтымды пайдаланады;

7) **ақылға қонымды сенімділік** - ТБКЖ Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына жетуі үшін тек ақылға қонымды кепілдік бере алады, бірақ сыртқы және ішкі орта шектеулеріне (мысалы, адами фактор,

бақылау рәсімдерін енгізудің тиімділік қағидатын пайдалану) тән абсолют кепілдікті бере алмайды;

8) **бейімділік** - ТБКЖ қызметтің барлық мүмкін тәуекелтерін сәйкестендіру және тәуекелтерді бақылау әрі басқару әдістерін барынша тиімді қолдану үшін ұдайы жетілдіріледі;

8) **мүлтіксіз регламенттеу** – ҚМГ-ның және оның ЕТҰ-сының ішкі құжаттарымен белгіленген оларды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес барлық операциялар жүргізіледі;

9) **басшылықтың белсенді қатысуы** – Компания басшылығы белсенді түрде қатысады және ҚМГ компаниялар тобында тәуекелтерді бақылау жүйесін енгізу әрі жетілдіру кезінде қолдау көрсетеді.

6. ТБКЖ жұмыс істеу процесі

6.1 Тәуекелтерді басқару процесінің Компанияның бизнес-процестерімен өзара байланысы

Тәуекелтерді басқару процесінің стратегиялық жоспарлау процесімен өзара байланысына келесілер кіреді (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):

1) Компанияның даму стратегиясын әзірлеу процесінде, атап айтқанда, Компанияның даму стратегиясының екінші деңгейдегі балама варианттарын бағалау сатысы және Компания дамуының оңтайлы бағытын таңдау кезінде алға қойылған стратегиялық мақсаттарға жетуге ықпал жасай алатын тәуекелтерді сәйкестендіру және талдау қарастырылуы тиіс;

2) Компанияның даму стратегиясын әзірлеу жөніндегі іс-шаралар жоспарында Компания басшылығы жоспарланған стратегиялық бастамаларды жүзеге асырумен байланысты тәуекелтердің ықтимал қолайсыз әсерін кішірейтуге бағытталған іс-шаралар кешенін қарастыруы тиіс;

3) Компанияның даму стратегиясын әзірлеу және мониторингтеу қағидасында стратегиялық жоспарлау және тәуекелтерді басқару жүйесінің өзара байланыс тәртібі көрсетілуі тиіс.

Тәуекелтерді басқару процесінің Компанияның корпоративтік басқару процесімен өзара байланысына келесілер кіреді (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):

1) корпоративтік басқару жүйесінің негізгі элементі ретінде ТБКЖ дамуының маңыздылығын сезінеді;

2) Компанияны корпоративтік басқару Компанияда бағаланған тәуекелтерді ескере отырып, Компания ҚНК-сының шекті деңгейлерін белгілеуге негізделеді;

3) Компания ҚНК-сының шекті деңгейлерін белгілеу кезінде:

- басқаруға келмейтін және Компания ықпал жасай алмайтын сыртқы тәуекел факторларынан тұратын, өндірістік/өндірістік емес тәуекелтер саласындағы қалдық мәндер негізінде ҚНК-ның шекті мәндерін есептеуді жүргізуге ұмтылуы тиіс;

- ішкі тәуекел факторлары бойынша өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерді басқаруға ұмтылуы тиіс. Ішкі тәуекел факторлары бойынша

өндірістік/өндірістік емес тәуекелдер бойынша физикалық көлемдегі және ақшалай мәндегі шығындар ең аз болуы тиіс және Компания ҚНҚ-сының шекті мәндерін есептеу кезінде өндірістік/өндірістік емес тәуекелдер саласындағы бағалауға кірмеуі керек.

Тәуекелдерді басқару процесінің операциялық қызмет процестерімен өзара байланысына келесілер кіреді (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):

1) Мақсат иелері, Тәуекелдер иелері және Тәуекел факторларының иелері:

- ҚМГ қол жеткізуге әсер ететін өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерді және оған тән тәуекел-факторларды сәйкестендіруі және бағалауы тиіс;

- өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарына ұсынылатын іс-шараларды жүзеге асыру үшін қажет уақытша және әкімшілік ресурстарын объективті бағалауы және тоқсан сайынғы есепте тәуекелдерді/тәуекел-факторлардың жағдайын көрсетуі тиіс.

2) Компанияның құрылымдық бөлімшелері қызметінің тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралары (сондай-ақ, қажет болса олардың жекелеген сатылары) тиісті жылдық жоспарларға енгізілуі тиіс;

3) Компанияның құрылымдық бөлімшелері ҚМГ/ЕТҰ тәуекелтерін басқару жөніндегі ішкі құжаттарға сәйкес тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есепті және жүзеге асырылған тәуекел оқиғалары бойынша ақпаратты ұсынады;

4) атқарушы органның қарауына шығарылатын сұрақтардың бастамашылары өз материалдарына (түсіндірме жазбаларға) шығарылған шешімдердің қабылдануымен немесе қабылданбауымен байланысты тәуекелдер сипатталған пункттерді қосады.

Тәуекелдерді басқару процесінің инвестициялық жоспарлау процестерімен өзара байланысына келесілер кіреді (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):

Инвестициялық жобалардың бастамашылары (Мақсат иелерін, Тәуекел факторларының иелерін бір тұлғада біріктіретін жобалар жетекшілері) инвестициялық жобаларды қарау және әзірлеу процесінде келесілерге тиіс:

- инвестициялық қызмет саласында ҚМГ компаниялар тобының ішкі құжаттарына сәйкес инвестициялық жобаның алға қойылған мақсаттарына қол жеткізуге және инвестициялық жобаның іске асырылуына ықпал жасай алатын тәуекелті/тәуекел факторларын сәйкестендіруді, бағалауды және талдауды қарастыруы тиіс;

- жобаны іске асырумен байланысты негізгі тәуекелдердің болуы мүмкін қолайсыз эффектісін азайтуға бағытталған іс-шаралар жоспарын, бақылау рәсімдерін әзірлеуі тиіс.

Тәуекелдерді басқару процесінің өтімділікті және ақша ағындарын басқару процестерімен өзара байланысына келесілер кіреді (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):

1) Қордың қазынашылық операциялары бойынша Корпоративтік стандартқа сәйкес қазынашылық операцияларын өткізу кезінде бизнес-процестің иесі бағалауды жүзеге асыруы және қауіпсіздік (капиталдың

сақталуы), өтімділік (активтерді ақшалай қаражатқа ең қысқа мерзімде айналдыру мүмкіндігі) және кірістілік (қауіпсіздік және өтімділік қағидаттары сақталған жағдайда, алынуы мүмкін ең үлкен кіріс) қағидаттарын сақтау мақсатында тәуекел факторларының ықпалына талдауды жүзеге асыруы керек;

2) Ақша ағындарын басқару келесілер ескеріле отырып, жүргізіледі:

- банк-контрагенттерге теңгерімдік және теңгерімдік емес міндеттемелер бойынша белгіленген лимиттерді, елдік лимиттерді сақтау;

- Қордың борышты басқару және қаржылық тұрақтылық саясатымен реттелетін борыштық жүктеме және қаржылық тұрақтылық дәрежесіне лимиттерді белгілеу;

- уақытша бос ақша салымының анағұрлым кірісті әрі қауіпсіз қаржылық құралдарын таңдау кезінде тәуекел пен кірістіліктің оңтайлы үйлесіміне қол жеткізу;

- өтімділікке ықпал жасайтын тәуекел факторларын барынша азайту мақсатында құрам бойынша ақша ағындарына және ақша позициясының оңтайлы бөлінуіне болжам жасау.

Тәуекелтерді басқару процесінің кредитті (заемдарды), қаржылық көмекті беру, кепілдікті шығару процесімен өзара байланысына келесілер кіреді (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):

1) бизнес-процестің иесі кредитті (заемдарды), қаржылық көмекті беру кезінде, «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ішкі кредит саясатына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та кредиттерді (ұарыздарды) беру қағиаларына сәйкес тәуекел факторының ықпалына талдау жүргізуі тиіс;

2) қаржылық кепілдіктер шығарылымы бизнес-процесінің иесі «Самұрық-Қазына» тобына кепілдік беру жөніндегі қағидаларға және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қарызын басқару саясатына сәйкес ҚМГ-ның қаржылық тұрақтылығына ықпал жасайтын тәуекел факторына талдауды жүзеге асыруы керек.

Тәуекелдерді басқару процесінің бизнес-жоспарлау процесімен өзара байланысы:

1) Өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, Компанияның тәуекелтер картасын қоса алғанда, Компанияның өндірістік/өндірістік емес тәуекелтері тіркегішінің жиынтығын дайындау процесі келесі мақсатта ЕТҰ/ҚМГ бизнес жоспарларын және ҚМГ-ның даму жоспарын қалыптастыру мерзімімен қатар жүргізілуі тиіс:

- өндірістік/өндірістік емес тәуекелтердің олардың қол жеткізуіне ықпалын ескере отырып, өндірістік/өндірістік емес ҚНҚ-ның шектік мәндерін белгілеу;

- Компанияның Тәуекелтер иелерінің және Тәуекел факторларының иелерінің Өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырумен байланысты шығыстарға өтінімдерді дер кезінде беруін қамтамасыз ету;

2) өндірістік/өндірістік емес тәуекелтер облысының жай-күйіне, Өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу процесі келесі мақсатта

ЕТҰ/ҚМГ бизнес жоспарларын және ҚМГ-ның даму жоспарын мониторингтеу және түзету мерзімдерімен қатар жүргізілуі тиіс:

- өндірістік/өндірістік емес тәуекелдердің олардың қол жеткізуіне ықпалын ескере отырып, өндірістік/өндірістік емес ҚНҚ-ның шектік мәндерін түзету (қажет болса);

- Компанияның Тәуекелдер иелерінің және Тәуекел факторлары иелерінің жоспарланған шығыстар жеткіліксіз болған жағдайда, тәуекелдерді басқаруға бағытталған қосымша шығыстарға өтінімдерді дер кезінде беруін қамтамасыз ету.

Тәуекелдерді басқару процесінің адами ресурстарды басқару процесімен өзара байланысына келесілер кіреді (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):

1) ТБКЖ қарастырылған барлық рәсімдерді орындау бойынша ТБКЖ қатысушыларының міндеттері есептік кезең ішінде тиісті міндеттердің орындалуына міндетті түрде мониторинг жүргізу шартымен бекітілген болуы тиіс;

2) белгіленген мерзімдерге және нысаналы көрсеткіштерге сәйкес тиісті түрде ТБКЖ шеңберінде Компания қызметкерлерін және басшыларын ынталандыруға шақыратын көтермелеу механизмдерін қарастыруға кеңес беріледі.

Тәуекелдерді басқару процесінің қызметтің үзіліссіздігін қамтамасыз ету процесімен өзара байланысына келесілер кіреді (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):

1) Компаниялар қызметтің үзіліссіздігін және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету процесін енгізуі тиіс;

2) Тәуекелдер/Тәуекел факторларының иелері Компания қызметінің үзіліссіздігіне ықпал ететін ықтимал қатерлерді сәйкестендіруі және оның әсерін бағалауы тиіс;

3) Тәуекел факторларының иелері талаптарды анықтауы, Компания қызметінің үзіліссіздігін қамтамасыз етудің сенімді әрі тиімді жоспарларын әзірлеуі және енгізуі тиіс;

4) қызметтің үзіліссіздігін қамтамасыз ету жоспары:

- АТ апаттан қалпына келтіруді қоса алғанда, бизнес әрекеті үзіліп қалған жағдайда, бизнес әрекетінің қалпына келуін және үзіліссіздігін басқаруы тиіс;

- төтенше және дағдарыстық оқиғаларға жауап қату, сондай-ақ бизнес процестердің қалпына келу жоспары кіруі тиіс;

- қызметтің қалпына келу стратегиясының жүзеге асуы үшін барлық жауапты қызметкерлерді анықтауы тиіс;

- персонал үшін оқытушы іс-шараларды жүргізу арқылы периодты түрде тестілеуге ұшырауы тиіс;

- Компания қызметіндегі өзгерістерді және бастапқы жоспарларды тестілеу кезінде байқалған кемшіліктерді және сәйкессіздіктерді ескере отырып, жүйелі түрде қайта қарауға ұшырауы тиіс.

ҚМГ компаниялар тобында тәуекелге бағытталған Компания бизнес-процестерін құру моделі жұмыс істеуі тиіс. Тәуекелтері басқарудың

бизнес-процесі Компанияның ішкі құжаттарында «Бизнес – процесс тәуекелі және оларды басқару» бөлімін көрсету арқылы Компанияның барлық бизнес-процестерімен байланыстырылуы тиіс.

6.2. ТБКЖ жұмыс істеу процесі ТБКЖ өзара байланысқан, ҚМГ компаниялар тобын басқару процестеріне кіріктірілген жеті процесс арқылы іске асырылады:

- 1) мақсат қою;
- 2) Тәуекелті/Тәуекел факторларын сәйкестендіру;
- 3) Тәуекелті/Тәуекел факторларын бағалау және талдау;
- 4) Тәуекелтерді басқару;
- 5) мониторинг және есептілік;
- 6) ақпарат және коммуникация;
- 7) ішкі орта.

6.2.1. Мақсаттарды қою

Мақсаттарды қою Компанияның ең маңызды процесі болып табылады, оның шеңберінде каскадтау жүреді және стратегиялық орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау мақсаттарын байланыстыру жүреді.

ТБКЖ мақсаттарды қоюдың бизнес-процесі арқылы стратегиялық жоспарлау, бюджеттеу, уәждеу процестеріне кіріктірілген. стратегиялық орта мерзімдік, қысқа мерзімдік жоспарлаудың алға қойылған мақсаттарын іске асыру үшін Компанияның барлық басқару деңгейлерінде мақсаттарды қою мақсаттар ағашын құруға алып келеді. Компанияның барлық басқару деңгейлерінде менеджмент үшін мақсаттарды белгілеу арқылы Компания бекітілген тиімділік көрсеткіштеріне жетуге ұмтылады.

ТБКЖ мақсаттары үшін Компанияның компаниялар тобының барлық деңгейлерінде мақсаттарды қою келесі мәнге ие болады:

- біріншіден, жоғарыдан төмен қарай мақсаттарды каскадтау мақсаттарды персонификациялауға алып келеді, басқаша айтқанда әрбір алға қойылған мақсаттың орындалуы үшін жауапты нақты лауазымдық тұлға пайда болады. Мақсаттар ағашын құру барлық бизнес-процестер бойынша жоғарыдан төмен қарай Компанияның компаниялар тобымен жүзеге асырылатын мақсаттардың функциональдық тізбегін құруға, **Компанияның компаниялар тобының бизнес-бағыттары бойынша Мақсаттар иелерін тәуекелтерді басқарудың бүкіл функциональдық вертикалы бойынша бекітуге алып келеді;**

- екіншіден, нақты лауазымдық тұлға өзінің лауазымдық міндеттеріне және тәжірибеге сәйкес алға қойылған міндеттерді орындаудың қандай тәуекелтерінің ықпал етуі мүмкін екендігін түсінеді. Тәуекелтер иелері және Тәуекел факторларының иелері тәуекелтерді басқарудың барлық деңгейлерінде Компанияның тәуекелтер ағашын белгілейді, оларды жүзеге асыру алға қойылған міндеттерге жетуге ықпал етуі мүмкін, алға қойылған міндеттердің орындалуы үшін тәуекел/ тәуекел факторларының ықпалына бағалау жүргізеді.

ТБКЖ ҚМГ-ның мақсаттар ағашын ҚМГ-ның тәуекел ағашымен байланыстырады.

Мақсаттар ағашын құру, мақсаттар үшін олардың иелерін бекіту, мақсаттар ағашы негізінде ҚМГ-ның тәуекел ағашын анықтау мақсаттар иелері ҚНҚ ағашын құру процесіне тікелей ықпал етеді.

Компания менеджменті барлық деңгейлері үшін жоғарыдан төмен қарай қызмет тиімділігінің көрсеткіштерін қою Компания тарапынан тәуекелті басқару дәрежесін есепке алуы тиіс, себебі тәуекелті басқару деңгейі мақсат иелерінің ҚНҚ-ның белгіленген деңгейлеріне жетуге ықпал етеді.

ТБКЖ енгізу және жұмыс істеуі каскадтау және Компания қызметінің тиімді көрсеткіштерін орнату және жоспарлаудың вертикаль бизнес-процестерімен қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарды қоюды байланыстыру, мақсаттарды қою кезінде компанияның барлық құрылымдық бөлімшелердің өзара әрекеттесу процесін сипаттайтын нақты мақсат иелеріне мақсаттарды бекіту процесін регламенттейтін ішкі құжаттың болуын білдіреді.

6.2.2. Тәуекел/тәуекел факторларын сәйкестендіру

Тәуекел/тәуекел факторларын сәйкестендіру дегеніміз - **ҚМГ компаниялар тобының** бизнес-процестерінің, қызметтің барлық түрлерінің тәуекелтер ықпалына ұшырағандығының анықтамасы, олардың басталуы жоспарланған мақсаттарға жету қабілетіне және алға қойылған міндеттерді іске асыруға теріс әсер етуі мүмкін.

Тәуекелтерді және оған сәйкес келетін тәуекел факторларын сәйкестендіруді басқарудың барлық деңгейлерінде Тәуекелтер иелері және Тәуекел факторларының иелері жүргізеді. ҚМГ-ның барлық бизнес-процестері бойынша Тәуекелтер иелері мен Тәуекел факторларының иелерін анықтау әрі тағайындау механизмі тәуекелтерді басқару саласындағы ішкі құжаттарда сипатталған.

Тәуекелтерді және оған сәйкес келетін тәуекел факторларын сәйкестендіру үшін әртүрлі әдістемелер мен құралдардың комбинациясы пайдаланылады

Сәйкестендіру тәртібі, сондай-ақ тәуекелті және оған сәйкес келетін тәуекел факторларын сәйкестендіру бойынша тәуекелтерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарда сипатталған.

6.2.3. Тәуекелтер/тәуекел факторларын бағалау және талдау

Сәйкестендірілген тәуекел факторларын бағалау және кейіннен оған сәйкестендірілген тәуекел факторлары тән өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерді бағалау Компанияның өндірістік/өндірістік емес ҚНҚ-сына қол жеткізу оның ықпал ету дәрежесін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Өндірістік/өндірістік емес тәуекелтер және оған сәйкес келетін тәуекел факторлары олардың пайда болуы (іске асу ықтималдығы) ықтималдығы және ықпал ету (ықтимал зиян) дәрежесі бойынша талданады.

Тәуекел параметрлерін бағалау сандық немесе сапалық сипатқа ие болуы мүмкін. Компания тәуекелтер/тәуекел факторларын бағалаудың сандық басым әдістерін әзірлеуге және қолдануға, тәуекелтерді сандық бағалаудың қазіргі

заманғы әдістерін жетілдіруге және тұрақты шоғырландыруға ұмтылатын болады.

Тәуекел параметрлерін бағалаудың көкжиегі ҚМГ-ның және оның ЕТҰ-сының тиісті мақсатына (міндеттеріне) жету көкжиегіне сай келеді.

Тәуекелтер/тәуекел факторының параметрлерін сандық және сапалық бағалаудың әдістері мен құралдары, тәуекелтер/тәуекел факторына талдау жасау тәуекелтерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарда ашылады.

6.2.4. Тәуекелтерді басқару

Өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерді басқару – теріс салдарларды азайтуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу әрі іске асыру процесін және/немесе тәуекелтердің және оларға сай келетін тәуекел факторларының басталу немесе ҚМГ компаниялар тобы қызметінің тәуекелтермен байланысты зияндар басталған кезде, қаржылық өтемді алу ықтималдығын білдіреді.

Тәуекелтерді басқару процесінің тиімділігін қамтамасыз ету және оны жүзеге асыруға кететін шығындарды кеміту үшін Компания оның қаржылық жай-күйіне және алға қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жетуге айтарлықтай ықпал көрсете алатын кризистік тәуекелтерге/тәуекел факторларына назарды шоғырландыруы тиіс.

Тәуекелтерді басқаруға тәуекелтерді басқарудың стандарт әдістерінің іс жүзінде орындалуын қамтамасыз ететін механизмдерді сипаттауды қоса алғанда, Тәуекелтер иелері/Тәуекел факторларының иелері тарапынан бақылау құралдарын әзірлеу, бақылау рәсімдерін орындау мерзімдері кіреді.

Тәуекелтердің жекелеген түрлерін басқару жөніндегі бақылау рәсімдерінің енгізілімен байланысты саясат пен рәсімдер Тәуекелтер иелерімен/Тәуекел факторларының иелерімен тәуекелтердің жекелеген түрлерін басқару жөніндегі ішкі құжаттарда анықталады.

Өндірістік/өндірістік емес тәуекелтеріне жауап қатудың әдістерін таңдау, қалдық тәуекелтің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге тәуекелтерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарда сипатталған стандарт әдістері кіреді.

Тәуекел/тәуекел факторларының иелерімен ҚМГ компаниялар тобы бойынша регламенттейтін құжаттарды әзірлеу арқылы бірдей тәуекел/тәуекел факторы бойынша деңгейді азайту үшін бақылаудың бірыңғай құралдарын қолдануға қол жетеді.

Іске асырылуы Компанияның қызметін және жұмыс істеуін тоқтата алатын тәуекел/тәуекел факторлары үшін Компанияның операциялық қызметін қалпына келтіру үшін қызметкерлерді ретті әрекетін қарастыратын Қызметтің үзіліссіздігін қамтамасыз ету жоспары әзірленеді және бекітіледі.

Келесілер Компания қызметі үзіліссіздігінің факторлары болып табылады: табиғи апаттар, өндірістегі апаттан келетін ықтимал зиян, тұтынушылардың күтуі, акционерлердің шешімдері қабылдауы, халықаралық стандарттардың талаптары, соттық талқылаулар, ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігі

жеткізілімдердің нәзік тізбегі, реттеуші органдар және заңнама және т.б.

Өндірістік/өндірістік емес тәуекелтер бүкіл Компанияның көзқарасы тұрғысынан қарастырылуы тиіс. Жекелеген бөлімшелердің/еншілес ұйымдардың тәуекелтері тәуекелтің рұқсат етілген деңгейінен асып түсуі мүмкін, бірақ табиғи түрде бүкіл Компанияның шеңберінде компенсациялануы (топ ішінде тәуекел корреляциясы) мүмкін. Тәуекелтерді басқару жөніндегі іс-шаралар бүкіл Компания бойынша тәуекелтің жиынтық деңгейі рұқсат етілген деңгейден аспайтындай болып қолданылуы мүмкін. Компания тәуекелтерінің портфелі ҚМГ деңгейінде өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерді шоғырландыру жолымен қалыптасады.

Тәуекелтерді басқару жөніндегі іс-шаралар және стандарт әдістерге қатысты ұсыныстар тәуекел иелері/тәуекел факторларының иелерімен ұсынылады және өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізіледі.

Тәуекелтерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары және Компания қызметінің үзіліссіздігін қамтамасыз ету жоспары Компанияның басқару органдарымен ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарының бекітілу мерзіміне сай келетін мерзімде бекітіледі. Компанияның басқару органдарының тарапынан іс-шаралар жоспарына мониторинг жүргізу тәуекелтер бойынша тоқсан сайынғы есептілік шеңберінде жүзеге асырылады.

6.2.5.Мониторинг және есептілік

Тәуекелтерді басқару мониторингі – тәуекелтер параметрлері өзгерісінің динамикасына және іс-шараларды жүзеге асыру және тәуекелтерді басқару жөніндегі бақылау рәсімдерінің тиімділігіне бақылау жасау.

Мониторинг ҚМГ-ның жауапты бөлімшесімен тәуекелтер динамикасы бойынша тәуекелтерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарға сәйкес ҚМГ/ЕТҰ-ның тәуекел иелері/тәуекел факторларының иелерінен келіп түсетін ақпаратты тоқсан сайын жинау және іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру, оларды басқару жөніндегі бақылау рәсімдері арқылы жүзеге асырылады.

Ақпараттың толықтығын және сапасын қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ-ның компаниялар тобында қолданылатын тәуекелтер бойынша бірыңғай біріздендірілген есеп ҚМГ-да бекітіледі.

Компанияда нақты уақыт режимінде операцияларға ағымдағы оперативтік бақылауды қоса алғанда, қызметке үзіліссіз мониторинг жүзеге асырылады. Ағымдық бақылау барысында байқалған тәуекелтерді басқару процесінің кемшіліктері туралы кез-келген мәліметтер мақсат иесінің және жауапты бөлімшенің назарына жеткізілуі тиіс. тәуекелтерді басқару процесінің кемшіліктерін талдау нәтижелері бойынша байқалған кемшіліктерді жою жөніндегі түзетуші әрекеттер қабылдануы тиіс.

КРП тәуекелтер мониторингінің басты құралының бірі болып табылады. КРП тәуекел оқиғаларының басталуын болдырмау немесе олардың Компания қызметіне ықпалын азайту үшін дер кезінде шараларды қабылдауға мүмкіндік береді. КРП әзірлеу барлық кризистік тәуекел факторлары бойынша жүзеге

асырылуы тиіс. КРП әзірлеу тәртібі тәуекелтерді басқару саласындағы ішкі құжаттармен анықталады.

Мониторинг нәтижелері бойынша іске асырылатын іс-шаралар түзетілуі немесе қосымшалары әзірленуі мүмкін.

Мониторинг Саясаттың, ТБКЖ рәсімдерінің және іс-шараларының орындалуын ұдайы қадағалау және мақсатты тексерулер арқылы жүзеге асырылады. Мақсатты тексерулердің масштабы мен жиілігі тәуекелтерді және тұрақты мониторингтің тиімділігін бағалауға тәуелді. ТБКЖ кемшіліктері Директорлар кеңесінің және ҚМГ Басқармасының назарына жеткізілуі тиіс.

ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына Компанияның тәуекел тәбеті, Тәуекелтердің шоғырландырылған тізілімі, тәуекелтер картасы және Компанияның тәуекелтерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ұсыныстар кем дегенде жылына бір рет ұсынылады. Тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына тәуекелтер бойынша есеп шығарылады (ҚМГ/ЕТҰ-ның жабуын ескергенде, шоғырланған). Тәуекелтер бойынша есептің мазмұны жөніндегі талаптар және оны ұсыну мерзімдері осы Саясаттың 2,3 қосымшаларында келтірілген.

6.2.6. Ақпарат және коммуникация

ТБКЖ ҚМГ компаниялар тобында вертикаль және горизонталь бойынша ақпараттың тиісті ағынын қамтамасыз етеді.

Жоғарыдан төмен түсетін ақпарат бұрмалауға, ірілендіруге және өзге түрлендіруге ұшырамауы тиіс. Сәйкестендіру мақсаттары және тәуекелтерді бағалау үшін ішкі және сыртқы көздерден келетін оперативтік ақпарат, сондай-ақ аудиттелген есептер, қаржы-шаруашылық қызмет туралы есептер, ҚМГ ІАҚ есептері пайдаланылады.

Жоғарыдан төмен түсетін ақпарат ішкі құжаттарды, регламенттерді және т.б. бекіту арқылы мақсаттардың, стратегиялардың және алға қойылған міндеттердің, акционерлер күтілуінің, тәуекелтерді тиімді басқарудың, тәуекел тәбеті деңгейінің маңыздылығын және елеулі екендігінің жеткізілуін қамтамасыз етеді. Ақпаратты горизонталь бойынша беру Компания ішінде құрылымдық бөлімшелердің жауапты бөлімшемен өзара әрекеттесуін білдіреді.

ҚМГ компаниялар тобындағы ақпарат және коммуникация тәуекелтерді басқару процесіне қатысушыларды тәуекелтер туралы сенімді әрі шүбәсіз, уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, тәуекелтер, тәуекелтерге жауап қату жөніндегі әдістер мен құралдар туралы хабардар болу деңгейін арттырады.

Тиісті ақпарат белгіленген формада анықталады, тіркеледі және қызметкерлерге өздерінің функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік беретін мерзімде ұсынылады. Ақпараттың сапасы тәуекелтерді басқару жүйесінде келесі критерийлерге жауап береді:

- 1) Мазмұнның барабарлығы,
- 2) Ақпараттың уақыты болуы,
- 3) Ақпараттың өзектілігі
- 4) Ақпараттың дәлдігі,

5) Ақпараттың қол жетімділігі.

Ақпаратты берудің ашық каналдарынан басқа, ҚМГ коммуникацияның жекелеген каналдарын қамтамасыз етеді: сенім телефоны, «whistleblowing» механизмі (ҚМГ компаниялар тобының ішкі процестеріндегі кемшіліктер және бұзушылықтар туралы қызметкерлердің құпия мәлімдемелерінің рәсімі).

Тәуекел иелері/тәуекел факторларының иелері ұдайы мониторинг жүргізеді және ықтимал тәуекел оқиғалары және іске асырылған тәуекел оқиғалары туралы жауапты бөлімшеге тәуекелті басқару жөніндегі ішкі құжаттарға сәйкес хабарлайды.

ЕТҰ шоғырландыру, тәуекелтердің жиынтық деңгейін есептеу, ҚМГ басқармасына және Директорлар кеңесіне хабарлау мақсатында тәуекелті басқару жөніндегі ішкі құжаттарға сәйкес тәуекел туралы ҚМГ-ға ақпаратты береді.

ҚМГ ашылатын ақпараттың мұқияттылық деңгейінің ҚМГ қызметінің сипатына және масштабына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, әріптестерге, кредиторларға, сыртқы аудиторларға, рейтингтік агенттіктерге және басқа мүдделі тараптарға (тәуекелті басқару жөніндегі ақпаратты соның ішінде жылдық есептің құрамында) жеткізеді.

Тиімді ақпараттық орта сәйкестендіру процестерінің кеңмасштабты автоматтандырылуын және ҚМГ компаниялар тобының тәуекелтерін мониторингтеуді білдіреді.

6.2.7. Ішкі орта

Жоғарыда баяндалған ҚМГ компаниялар тобында тәуекелті басқару процесінің құраушыларын іске асыру жоғары деңгейде тиісті тонды орнатуға, тәуекелтер туралы хабарландырудың және хабардар болудың жоғары деңгейіне, тәуекел иелері/тәуекел факторларының иелерінің жауапкершілігіне тәуекелті белсенді басқаруға және уақтылы есептілікке негізделген ҚМГ компаниялар тобында тәуекел мәдениетінің дамуына мүмкіндік береді.

ҚМГ тиімді корпоративтік басқаруға мүмкіндік беретін барабарлық ТБКЖ ұйымдық құрылымын құруға ұмтылады, міндеттердің, өкілеттіктердің және тәуекелтер бойынша сәйкестендіру, бағалау, басқару және есептілік үшін жауапкершіліктің тиісінше бөлінуін қамтамасыз етеді. ҚМГ ТБКЖ ұйымдық құрылымы осы Саясатқа 1-қосымшада келтірілген.

Ішкі ортаға мыналар кіреді:

- 1) Компанияның тәуекел тәбеті және тәуекелділік төзімділігі;
- 2) ТБКЖ қатысушылардың функциялары және жауапкершілігі;
- 3) ТБКЖ бірыңғай әдіснамалық құжаттар;
- 4) ҚМГ және ЕТҰ-ның бірыңғай тәуекелтер жіктегіші;
- 5) Іске асырылған тәуекелтер оқиғалары бойынша деректердің бірыңғай базасы;

Компанияның тәуекел тәбетін және тәуекел төзімін есептеу

Соның шеңберінде алға қойылған стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жетуі мүмкін Компанияның тәуекел тәбеті тәуекелті ұстап қалудың өз деңгейін сипаттайды.

ҚМГ қабылдауға дайын шоғырланған деңгейде тәуекел/тәуекел факторларының кризистік деңгейінің тәуекел тәбетінің жоғарғы шегін анықтайды. Ол сондай-ақ, тиімді мониторинг және тәуекел оқиғаларына жауап қату үшін қажет ресурстардың бөлінуіне, процестердің ұйымдастырылуына және ұйымның ішінде инфрақұрылымның құрылуына әсер етеді.

Шоғырландырылған негізде жоспарлы кезеңге арналған Компанияның тәуекел тәбеті (тәуекел тәбеті туралы мәлімдеме) және келесі сипаттамаға ие болады:

- 1) мақсатты, бизнес-жоспарларды, қаржылық шектеулерді және мүдделі тараптардың күтуін қоса алғанда, ҚМГ-ның даму стратегиясын көрсетеді;
- 2) қызметтің барлық негізгі аспектілерін (бағыттарын) қамтиды;
- 3) тәуекелті қабылдау ниетін және мүмкіндігін есепке алады;
- 4) ҚМГ-ның тәуекелке қатынасын анықтайды;
- 5) саланы және нарықтық шарттарды есепке ала отырып, периодты түрде қайта қаралады;
- 6) тәуекелтің өзінің тиімді мониторингін талап етеді;
- 7) сандық және сапалық көрсеткіштер енгізіледі.

ЕТҰ-ның сандық тәуекел тәбетін есептеу кезінде келесі шарттар сақталады:

1) тәуелдік тәбетінің сандық мәні ЕТҰ-ның өндірістік/өндірістік емес тәуекелтер саласындағы қалдық мәндерін жабу үшін жеткілікті болуы тиіс. тәуелдік тәбетінің оң мәні жоғары болған сайын, ЕТҰ өндірістік/өндірістік емес тәуекелтер саласы бойынша тәуелдік факторлары іске асқан жағдайда, өзінің болуы мүмкін шығындарын жабу көзқарасы тұрғысынан ЕТҰ соғұрлым тұрақты, ЕТҰ-ның тәуекел факторлары жүзеге асқан жағдайда, шығындарды қаржыландыруға ҚМГ-ның қаржылық көздері пайдаланылмайтындығына соғұрлым ҚМГ-ның сенімділігі жоғары;

2) тәуекел тәбеті өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерге ықпал ететін сыртқы тәуекел факторларын жүзеге асыру нәтижесінде болуы мүмкін шығындарды (ЕТҰ деңгейінде басқарылмайтын) қаржыландыруға арналған;

3) өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерінің пайда болу ықтималдылығы ішкі тәуекел факторларының (ЕТҰ деңгейінде басқарылатын) жүзеге асуымен байланысты ЕТҰ-ның өндірістік/өндірістік емес тәуекелтері тәуекел тәбеті есебінен жабылмауы тиіс, атап айтқанда ЕТҰ деңгейінде тәуекелті басқару жөніндегі іс-шаралар есебінен басқарылуы тиіс.

Тиімді мониторингті жүзеге асыру және ҚМГ компаниялар тобында тәуекел тәбеті деңгейінен асуын болдырмау мақсатында тәуекел төзімділігі қолданылады. Тәуекел төзімділігінің бірліктері осы тәріздес мақсаттар бірліктерінде өлшенеді. ҚМГ/ЕТҰ тәуекелтеріне төзімділік деңгейлері ҚМГ/ЕТҰ-ның Директорлар кеңесімен бекітіледі.

Тәуекел-төзімділік деңгейлері өндірістік/өндірістік емес тәуекелтеріне жаңа тәуекел факторлары пайда болған/анықталған жағдайда немесе тәуекел оқиғалары басталғанда қайта қаралады. Жауапты бөлімше тоқсан сайынғы негізде тәуекелдерге қатысты төзімділік деңгейінің сақталуына мониторинг жүргізеді.

Тәуекелтерге шыңы деңгейлерінің шектеріндегі қызмет алға қойылған мақсаттарға қол жетуде басшылыққа анағұрлым сенімділік дәрежесін қамтамасыз етеді.

Компанияның тәуекел тәбетін және төзімділік тәуекелін есептеу тәсілдері мен әдістері тәуекелті басқару саласындағы ішкі құжаттарда анықталған.

ТБКЖ қатысушылардың функциялары мен жауапкершілігі

<p>ҚМГ Директорлар кеңесі</p>	<ul style="list-style-type: none"> - тиімді ТБКЖ болуына жауапкершілік көтереді соның ішінде осы Саясатты бекіту арқылы; - стратегиялық, орта мерзімдік және қысқа мерзімдік мақсаттарды бекітеді; - Компанияның тәуекел тәбетін, ҚМГ тәуекелтеріне қатысты төзімділік деңгейлерін бекітеді; - тәуекелтер тізілімін, тәуекелтер картасын, КРП және ҚМГ тәуекелтерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді; - тәуекелтер бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарастырады және бекітеді; - тәуекелтерді басқару жүйесі тиімділігінің көрсеткіштерін бекітеді және ҚМГ-ның тәуекелтерді басқару жүйесінің тиімділігін жыл сайынғы бағалауды қамтамасыз етеді; - ҚМГ қызметінің үзіліссіздігін қамтамасыз ету жоспарын бекітеді.
<p>ҚМГ Басқармасы</p>	<ul style="list-style-type: none"> - ҚМГ ТБКЖ ұйымдастырылуы және тиімді жұмыс істеуі үшін жауапкершілік көтереді; - осы Саясаттың жүзеге асырылуын, соның ішінде ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің осы саясат ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді; -тәуекел иелерінің/тәуекел факторлары иелерінің/тәуекел үйлестірушілерінің тізілімін бекітеді; - тәуекелтер бойынша тоқсан сайынғы есептердің Қорға және ҚМГ-ның Директорлар кеңесіне дер кезінде берілуі үшін жауапкершілік көтереді; - ҚМГ-ның тәуекелтері бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарастырады және өз құзыреті шегінде тиісті шараларды қабылдайды; - ҚМГ-ның және ЕТҰ-ның тәуекелтерді басқару саласында ішкі құжаттардың жетілдірілуін қамтамасыз етеді.
<p>ҚМГ-ның тәуекелтері жөніндегі Комитет</p>	<ul style="list-style-type: none"> - ҚМГ-ның Директорлар кеңесінің бекітуіне шығару үшін тәуекелтерді басқару жөніндегі әдіснамалық құжаттарды, сондай-ақ ҚМГ-ның саясатты, рәсімдерді және тәуекелтерді басқару құрылымын дамыту жөніндегі жауапты бөлімшесінің ұсыныстарын қарастырады;

	<ul style="list-style-type: none"> - тәуекелтерді басқаруға жаңа тәсілдерді және олардың ҚМГ мен ЕТҰ-да қолданылуын қарастырады; - ҚМГ тәуекел иелерін/тәуекел факторлары иелерін/тәуекел үйлестірушілерін тағайындау жөніндегі ұсыныстарды қарастырады; - ТБКЖ жетілдіру бойынша жұмыстардың жоспарын қарастырады; - Компания тәуекелтерін және тәуекелтерді басқару жөніндегі шаралардың тиімділігін қарастырады, ҚМГ-ның Директорлар кеңесінің бекітуіне шығару үшін тәуекел тәбетін, тәуекелтерге төзімділік деңгейлері келіседі; - ҚМГ-ның Директорлар кеңесінің бекітуіне шығару үшін тәуекелтер тізілімін, тәуекелтер картасын, тәуекелтерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ тәуекелтер бойынша тоқсан сайынғы есептерді келіседі.
<p>ҚМГ-ның ішкі аудит қызметі (ІАҚ)</p>	<ul style="list-style-type: none"> - тәуекелтерді басқару процесінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады, ҚМГ-ның Директорлар кеңесіне ҚМГ ТБКЖ –дағы айтарлықтай кемшіліктер туралы хабарлайды, сондай-ақ тәуекелтерді басқару процесін жетілдіру бойынша ұсынымдарды әзірлейді; - тәуекел/тәуекел факторларына (бақылау рәсімдеріне) әсердің алдын алатын іс-шаралардың тиімділігін бағалауды және байқалған кемшіліктерді жою жөніндегі ұсынымдарды дайындауды жүргізеді (қажет болса); - ЕКР-ға енгізілмеген, аудиторлық тексеру процесінде сәйкестендірілген жаңа тәуекел факторлары туралы ҚМГ-ның жауапты бөлімшесіне хабарлайды;
<p>ҚМГ-ның жауапты бөлімшесі</p>	<ul style="list-style-type: none"> - ТБКЖ жұмыс істеуін, ТБКЖ бойынша әдіснамалық құжаттардың әзірленуін және өзекті сипат алуын қамтамасыз етеді; - ТБКЖ жұмыс істеуінің мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшеге консультациялық қолдауды жүзеге асырады; - контекстті талдайды (ішкі және сыртқы жағдайлар) Компания тәуекелтеріне айтарлықтай ықпал жасайтын ішкі/сыртқы факторларды қадағалайды; - тәуекелтерді басқару бойынша оқытушы іс-шараларды жүргізеді; - осы Саясаттың қолданылу саласына кіретін құрылымдық бөлімшелермен/бизнес бағыттармен/ЕТҰ-мен дайындалған тәуекелтер тізілімін қарастырады, келіседі; - ҚМГ компаниялар тобы бойынша тәуекелдердің шоғырлануын және ақпараттың талдануын жүзеге асырады, тәуекелтер тізілімінің, тәуекелтер картасының, Компания тәуекелтерді басқару бойынша іс-шаралар

	<p>жоспарының дер кезінде дайындалуы, сондай-ақ ҚМГ Басқармасы мен Директорлар кеңесі үшін Компанияның тәуекелтер бойынша тоқсан сайын есептің дайындалуы үшін жауапкершілік көтереді;</p> <ul style="list-style-type: none"> - КРП, тәуекелтерге төзімділік деңгейінің сақталуына дер кезінде мониторинг жүргізілуіне жауапкершілік көтереді; - тәуекелтерді басқару бойынша іс-шаралардың орындалуына бақылауды, Компания тәуекелтерінің жай-күйіне бақылау жасауды жүзеге асырады; - өз құзыреті шеңберінде ҚМГ ІАҚ-пен, құрылымдық бөлімшелерімен, сыртқы кеңесшілермен және басқа мүдделі тараптармен өзара әрекеттеседі; - сәйкестендірудің сараптау әдістерін қолдану және Компания тәуекелтерін бағалау кезінде, әдіснамалық қолдауды және ҚМГ Тәуекелтер иелерімен, Тәуекел-факторларының иелерімен сұхбаттасу процесінің ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді.
ҚМГ мақсаттарының иелері	<ul style="list-style-type: none"> - белгіленген ҚНҚ-ға (мақсаттарға) қол жетуге ықпал жасайтын сандық/сапалық мәндегі тәуекелтер мәндерінің келісілуі және тәуекелтерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарының келісілуі үшін жауапкершілік көтереді; - бекітілген тәуекелтерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарының дер кезінде іске асырылуы үшін бақылауды жүзеге асырады.
ҚМГ тәуекелтерінің иелері	<ul style="list-style-type: none"> - ҚМГ Тәуекелтер иелерімен жетекшілік жасалатын процестерді жүзеге асырумен байланысты тәуекелтердің тиісінше басқарылуына әрі бақылануына жауапкершілік көтереді - ҚМГ-ның Жауапты бөлімшесіне тәуекелтердің жай-күйі туралы уақтылы әрі толық ақпараттың берілуі және тәуекелтерді басқару бойынша іс-шаралардың орындалуы үшін жауапкершілік көтереді; - ҚМГ қызметі үзіліссіздігінің жоспарларын әзірлейді және енгізеді; - ҚМГ Тәуекелтер иелерімен жетекшілік жасалатын процестерді жүзеге асырумен байланысты, тәуекел деңгейінің кемуіне бағытталған тәуекелтердің жекелеген түрлерін (корпоративтік стандарттар, регламенттер, тәуекелтердің жекелеген түрлерін басқару жөніндегі саясат), бақылау рәсімдерін басқару механизмдерінің әзірленуін қамтамасыз етеді.
ҚМГ-ның тәуекел факторларының иелері	<ul style="list-style-type: none"> - ҚМГ-ның тәуекел факторларының иелерімен жетекшілік жасалатын процестерді жүзеге асырумен байланысты, тәуекел факторларына тиісінше басқару және бақылау жасалуы үшін жауапкершілік көтереді;

	<ul style="list-style-type: none"> - ҚМГ-ның Жауапты бөлімшесіне тәуекелдер факторларының жай-күйі туралы уақтылы әрі толық ақпараттың берілуі және тәуекелдер факторларын басқару бойынша іс-шаралардың орындалуы үшін жауапкершілік көтереді; - ҚМГ қызметі үзіліссіздігінің жоспарларын әзірлейді және енгізеді; - ҚМГ Тәуекелдер факторлары иелерімен жетекшілік жасалатын процестерді жүзеге асырумен байланысты, тәуекел деңгейінің кемуіне бағытталған тәуекелдердің жекелеген түрлерін (корпоративтік стандарттар, регламенттер, тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқару жөніндегі саясат), бақылау рәсімдерін басқару механизмдерінің әзірленуін қамтамасыз етеді.
ҚМГ ЕТҰ	<ul style="list-style-type: none"> - ТБКЖ әдіснамалық құжаттарына сәйкес тәуекелдерді бағалау және сәйкестендіру процесінің дер кезінде ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді; - ЕТҰ процестерін жүзеге асырумен байланысты тәуекелдерді тиісінше басқару және бақылау жасау үшін жауапкершілік көтереді; - ҚМГ-ның Жауапты бөлімшесіне тәуекелдер бойынша есептіліктің, сондай-ақ өндірістік/өндірістік емес тәуекелдердің жай-күйі туралы толық ақпараттың уақтылы әрі толық берілуі және оларды басқару бойынша іс-шаралардың орындалуы, іске асырылған тәуекел оқиғалары үшін жауапкершілік көтереді; - ЕТҰ қызметі үзіліссіздігінің жоспарларын әзірлейді және енгізеді.
ҚМГ/ЕТҰ әрбір қызметкері	<ul style="list-style-type: none"> - лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес тәуекелдерді басқару саласында лауазымдық міндеттердің орындалуы үшін жауапкершілік көтереді; - ҚМГ/ЕТҰ Жауапты бөлімшесіне, өзінің тікелей басшысына ықтиял шығындарға алып келуі мүмкін кез-келген жасалған немесе болуы мүмкін қателер/кемшіліктер туралы, ықтимал және іске асырылған тәуекел оқиғалары туралы дер кезінде, ТБКЖ ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте және мерзімде хабарлайды; - бекітілген оқыту бағдарламасына сәйкес тәуекелдерді басқару саласында оқытуды жүргізеді.

Тәуекелдерді басқару процесінің тиімділігін арттыру және ҚМГ компаниялар тобында тәуекел мәдениетін дамыту мақсатында ҚМГ-ның құрылымдық бөлімшесінде және оның ЕТҰ-сында міндетіне өзінің құрылымдық бөлімшесінде тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмысты үйлестіру және жауапты бөлімшемен өзара әрекеттесу кіретін тәуекел үйлестірушісі тағайындалады.

Компания ТБКЖ бірыңғай әдіснамалық құжаттарына келесілер кіреді:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында өндірістік/өндірістік емес тәуекелтерді басқару процесін ұйымдастырудың үлгі қағидасы;

- Тәуекелтерді сәйкестендіру және бағалау әдістемесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелтерін басқару әдісін таңдау;

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелтердің бірыңғай жіктегішіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу жөніндегі қағида;

- Қызметтің үзіліссіздігін қамтамасыз ету процесін ұйымдастыру қағидасы;

- Қызметтің үзіліссіздігін қамтамасыз ету жоспарын әзірлеу әдістемесі;

- Тәуекелтердің жекелеген түрлерін басқару мақсатында Компанияда тәуекел иелері/тәуекел факторлары иелерімен әзірленетін әрі бекітілетін бақылау рәсімдерінің енгізілуімен байланысты саясат және рәсімдер.

ҚМГ және оның ЕТҰ тәуекелтерінің бірыңғай жіктегіші

ҚМГ компаниялар тобы бойынша тәуекелтер атауларын біріздендіру және тәуекелтерді сәйкестендіру процесін стандарттау мақсатында ҚМГ-ның және оның ЕТҰ-сының ЕКР әзірленді.

Тәуекелтерді жіктеу үшін тәуекелтердің функциональдық облыстары шешуші негіз болып табылады:

1) өндірістік тәуекелтер;

2) өндірістік емес тәуекелтер;

Әрбір облыста Компанияда қолданыста болған өндірістік және өндірістік емес бизнес-процестерге байланысты Компания ұшыраған өндірістік және өндірістік емес тәуекелтер атауларының тізбесі болады және оларға сәйкес келетін тәуекел факторларының тізбесі болады.

ЕКР Компания ТБКЖ пайдалану үшін міндеті болып табылады.

Жүзеге асырылған тәуекел оқиғалары бойынша Деректердің бірыңғай электрондық базасы (ЕЭБДР)

ҚМГ-ның жауапты бөлімшесі ЕЭБДР орталықтандырып жүргізуді және әкімшілік жасауды қамтамасыз етеді.

ЕЭБДР жүргізудің негізгі мақсаты ҚМГ компаниялар тобы бойынша тәуекелтерді/тәуекел факторларын сандық тұрғыдан бағалауды жүргізу кезінде, сондай-ақ тәуекелтер бойынша әртүрлі талдау есептерін дайындау кезінде оның болуы қажет жүзеге асырылған тәуекел оқиғалары бойынша статистика жинау болып табылады.

ҚМГ-ның ЕТҰ-сы ЕЭБДР -де шоғырландыру мақсатында іске асырылған тәуекел оқиғалары туралы құрылымданған ақпаратты ҚМГ-ға ұсынады. ҚМГ-ның ЕТҰ-сы ары қарай тәуекелтерге сандық бағалауды жүргізу, ішкі есептілікті қалыптастыру және ЕТҰ-ның бекітілген әдістемелік құжаттарына сәйкес ЕТҰ-

ның басқару органдарына хабарлау үшін іске асырылған тәуекел оқиғалары бойынша жергілікті деректер базасын жүргізуі тиіс.

ЕЭБДР жүргізу тәртібі тәуекелтерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарда қарастырылған.

7. ТБКЖ тиімділігінің критерийлері

Тәуекелтерді басқару процесі тиімді деп саналуы үшін ТБКЖ –дың барлық жеті құраушылары қатысуы әрі тиімді жұмыс істеуі тиіс.

ТБКЖ тиімділігі келесі сандық және сапалық критерийлер негізінде бағалануы мүмкін:

- 1) тәуекелтерді басқару тұрақты негізде жүргізіледі;
- 2) тәуекелтерді басқару процесі барлық бизнес-процеспен байланысқан;
- 3) ТБКЖ-мен шығарылатын ақпарат, соның ішінде ресурстарды тиімді бөлуге және міндеттерге басымдық беруге қатысты ақпарат белсенді түрде пайдаланылады және басқарушылық шешімдерді қабылдау процесінде есепке алынады;

- 4) ұзақ мерзімді перспективада ТБКЖ ресурстарды тұтыну субъектісі ретінде емес, оларды үнемді пайдалану құралы ретінде шығады.

ҚМГ ТБКЖ тиімділігі сыртқы және/немесе ішкі аудиторлармен немесе тәуелсіз сарапшылармен жүргізілген тәуелсіз бағалау нәтижелерімен расталады, акционерлермен, ҚМГ-ның Директорлар кеңесінің мүшелерімен, рейтингтік агенттіктермен, инвесторлармен, кредиторлармен, ҚМГ қызметкерлерімен, мемлекеттік органдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен танылады.

ҚМГ ТБКЖ бағалау Қордың ІАҚ-пен кеңес берілген ТБКЖ тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

ҚМГ ІАҚ тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, кем дегенде үш жылда бір рет ТБКЖ тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді.

8. Тәуекелтер бойынша ақпарат құпиялығына қойылатын талаптар

Тәуекелтер және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы құпия ақпаратқа қол жетімділік алатын сыртқы тұлғаларға құпия ақпаратты жарияламау туралы келісімге қол қойған соң ғана қол жетімділік берілуі мүмкін.

Саясат ашық құжат әрі таныстыру және тұлғалардың кең аясының пайдалануы үшін қол жетімді болып табылады. Саясат ҚМГ-ның корпоративтік веб-сайтына орналастырылады.

Саясат және тәуекелтерді басқару саласындағы басқа құжаттар ҚМГ-ның барлық қызметкерлеріне және лауазымды тұлғаларына қол жетімді болып табылады. ТБКЖ әдістемелік құжаттарындағы өзгерістер электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы ҚМГ-ның барлық қызметкерлеріне және лауазымды тұлғаларына жеткізіледі.

Тәуекелтердің жекелеген түрлері бойынша саясат, қаржылық тәуекелтердің жекелеген түрлері бойынша қағида, сондай-ақ олар бойынша есептер (қаржылық тұрақтылық бойынша есепті қоса алғанда) тек «Қызметтік пайдалану үшін (ҚБПУ)» режимінде таралады.


9. Қорытынды ережелер

Саясат ҚМГ-ның Директорлар кеңесімен бекітіледі және қажет болғанда қайта қаралуға тиіс.

Саясатты жүргізу оларды ҚМГ-ның және оның ЕТҰ-сының ақпараттық жүйелерімен міндетті түрде біріктіру шартымен, уақытты және еңбек шығындарын айтарлықтай қысқарта отырып, тәуекелтерді дер кезінде сәйкестендіруге, талдауға, бағалауға, басқаруға әрі бақылауға мүмкіндік беретін мамандандырылған ақпараттық жүйелерді пайдалану базасында жүргізілуі тиіс.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелтерді басқарудың корпоративтік жүйесі бойынша саясатына
1-қосымша

ҚМГ ТБКЖ ұйымдық құрылымы



Тәуекелтер бойынша есептің ең аз мазмұнына қойылатын талаптар және құрылымы*

1. Тәуекелтердің Картасы және Тізілімі
 - 1) тәуекел/тәуекел факторлары динамикасындағы өзгерістер бойынша толық ақпаратты бере отырып, есептік тоқсан үшін тәуекелтердің картасындағы өзгерістер, болжамдық жылға арналған тәуекелтер картасы;
 - 2) ықтималдықтың/ықпал етудің кемуі, ықпал етуді сандық/сапалық бағалау бойынша іс-шаралар жоспарының, кризистік тәуекелтің/тәуекел факторларының бар болуын растай отырып, тәуекелті/тәуекел факторларын жеке бөлу;
 - 3) болжамдық жылға арналған тәуекелтер тізілімі, тоқсан сайын енгізілген түзетулерімен тәуекелтер тізілімі;
 - 4) Тәуекелтерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары – жылына бір рет, Тәуекелтерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілген өзгерістер – тоқсан сайын (қажет болса);
 - 5) жарты жылдық үшін қабылданатын шаралардың тиімділігін бағалай отырып, Тәуекелтерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын тоқсан сайын орындау;
 - 6) ықтималдықтың/ықпал етудің кемуі, ықпал етуді бағалаудың сандық/сапалық бағалауы бойынша іс-шаралар жоспарын негіздей отырып, жаңдан байқалған тәуекел факторлары.
2. болжамдық жылға арналған тәуекел тәбеті (жылына бір рет), түзетілген тәуекел тәбеті – тоқсан сайын (қажет болса);
3. болжамдық жылға арналған шектік деңгейлерімен КРП тізілімі, ежеквартальный отчет по текущему состоянию КРП ағымдағы жай-күйі бойынша тоқсан сайынғы есеп.
4. Қаржылық тәуекелтер бойынша есеп:
 - 1) Қаржылық тәуекелтердің жекелеген түрлерін басқару қағидасына сәйкес қаржылық тәуекелтер (валюталық, проценттік, елдік, корпоративтік контрагенттер бойынша кредиттік тәуекелтер, контрагенттер банкілері бойынша кредиттік тәуекел).
 - 2) тәуекелтер бойынша лимиттердің сақталуы/сақталмауы бойынша ақпарат, соның ішінде банк-контрагенттерге арналған лимиттер бойынша ақпарат.
 - 3) борыштық жүктеме және «Самұрық-Қазына» АҚ-тың борышын және қаржылық тұрақтылығын басқару саясатына сәйкес ковенанттық міндеттемелерді орындау туралы ақпараты бар қаржылық тұрақтылық бойынша есеп.

5. Инвестициялық жобалардың іске асырылған тәуекелтерін қоса алғанда, инвестициялық жобалардың тәуекелтері бойынша есеп.

6. Зиянды (сандық есептеу мүмкін болса, сапалық бағалау) міндетті көрсете отырып, іске асырылған тәуекел оқиғалары бойынша (тоқсан сайын) ақпарат және қабылданған іс-шаралардың тиімділігін бағалай отырып, осы оқиғаға жауап қату бойынша қабылданған іс-әрекеттер бойынша ақпарат. Кезең үшін бекітілген тәуекел тәбетімен іске асырылған тәуекел оқиғаларынан келетін шығындарға салыстырмалы талдау жасау (тоқсан сайын). Бұл тарауға апаттар және қираулар, өндірістегі жазатайым оқиғалар бойынша ақпарат (зардап шегушілердің, соның ішінде қайтыс болғандардың саны туралы ақпаратты қоса алғанда) кіруі тиіс.

7. Қажет болса, тәуекелтерді басқарудың белгіленген процестерінен айтарлықтай ауытқулар туралы ақпарат.

8. ІАҚ ұсынымдарына сәйкес тәуекелтерді басқару жүйелерін жетілдіру мақсатында жүргізілетін іс-шаралар (бар болса).

9. Тәуекелтерді басқару саласындағы талаптарды сақтау туралы ақпарат.

10. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамында және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдарда сақтандыру қорғауын ұйымдастыру саясатына сәйкес сақтандыру жөніндегі есеп.

11. Тәуекелтерді басқару жүйесінің тиімділігі/тиімсіздігі расталған, Компанияның атқарушы органының өтінімі

*қажет болғанда, бұл тізбеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Тәуекелтер бойынша есептерді ұсыну мерзімдері

ЕТҰ үшін тәуекелтер бойынша келесі есептер міндетті болып табылады:

1) әрбір тәуекел бойынша есептілік нысаны (басқарушылық есептілік жүйесінің бекітілген нысандар пакетіне (СУО) сәйкес ұсынылады);

2) қаржылық есептілік бойынша есеп (қаржылық тәуекелтер бойынша есепті қоса алғанда, «Самұрық-Қазына» АҚ-тың борышын және қаржылық тұрақтылығын басқару саясатына сәйкес ұсынылады);

3) ЕТҰ-ның басқару органымен бекітілетін тәуекелтер бойынша есеп.

ЕТҰ-ның тәуекелтер бойынша есептілікті және тәуекелтер бойынша есепті ұсыну мерзімдері (белгіленген нысандарға сәйкес):

Құжаттың атауы	Құжатты пайдаланушылар	Ұсыну мерзімдері
СУО есептілігінің нысаны (тәуекелтер бойынша есептілік нысандарын қоса алғанда)	КМГ-ның жауапты бөлімшесі	1-ші және 3-ші тоқсандар үшін есептік дата + 35 күнтізбелік күн, 2-ші және 4-ші тоқсандар үшін есептік дата + 45 күнтізбелік күн
Қаржылық тәуекелтер бойынша есепті қоса алғанда, тәуекелтер бойынша есеп	КМГ-ның жауапты бөлімшесі	1-ші, 2-ші, 3-ші және 4-ші тоқсандар үшін есептік дата + 14 күнтізбелік күн
Қаржылық тәуекелтер бойынша есепті қоса алғанда, тәуекелтер бойынша есеп	ЕТҰ-ның басқару органы	Есептік тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірмей, ЕТҰ-ның Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес

Шоғырландырылған есептерді ҚМГ-ның жауапты бөлімшесімен ұсыну мерзімі:

Құжаттың атауы	Құжатты пайдаланушылар	Ұсыну мерзімдері
Қаржылық тәуекелдер бойынша есепті қоса алғанда, тәуекелдер бойынша есеп (шоғырландырылған негізде)	ҚМГ-ның тәуекелдер жөніндегі комитеті, ҚМГ Басқармасы, ҚМГ Директорлар кеңесі	Есептік тоқсаннан кейінгі үшінші айдың 25-нен кешіктірмей, ЕТҰ-ның Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес